

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ГЕОГРАФИИ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ
FACULTY OF GEOGRAPHY AND ENVIRONMENTAL SCIENCES



1150 жыл

Әл-Фарабидің мерейтойы



«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ГЕОГРАФИИ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ
FACULTY OF GEOGRAPHY AND ENVIRONMENTAL SCIENCES

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции студентов и молодых учёных

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

MATERIALS

International Scientific Conference of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMİ»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020

Ответственные секретари:

*Моминов С.А.
Сатиева А.Ж.
Акынбеков А.К.
Джангулова Г.К.
Екейбаева Д.П.
Калдыбаева С.Т.
Оракова Г.О.
Оспанова М.С.
Сарыбаев Е.С.*

Материалы международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі». Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 г. – Алматы: Қазак университеті, 2020. – 338 стр.

ISBN 978-601-04-4485-0

<i>Джаналиева А.М.</i> Смарт туризм – жаңа бағыт ретінде. -----	278
<i>Екен Ы.А.</i> Агротуризмнің баламалы түрлері. -----	279
<i>Қайрғали А.Б.</i> Backpacking туризмін ұйымдастырудағы іздеу сайттарының рөлі. -----	280
<i>Қайсар А.Ж.</i> Туристік брендтің қалыптасуының туризмге ықпалы. -----	281
<i>Kaliakhmetova A.K.</i> Organization of excursions on campuses of world universities on the example of KazNU. -----	282
<i>Мамаева А.Ә.</i> SPA-курорттық туризмнің теориялық-әдістемелік негіздері. -----	283
<i>Moldabekova A.N.</i> Assessment of the current state of health tourism in the Republic of Kazakhstan. -----	284
<i>Рахманәлі А.Т.</i> Шопингтің туризм дамуына тигізетін әсері. -----	285
<i>Сайлауова Ә.Н.</i> Мұражайлардағы виртуалдық турлардың қазіргі жағдайы мен мәселесі. -----	286
<i>Сапарғалиева А.М.</i> Перспективы развития экологического туризма на базе местных сообществ в Казахстане. -----	287
<i>Сәрсенғали М.С.</i> SLOW туризмнің даму мүмкіндіктері. -----	288
<i>Шаңбай І.Н.</i> Туристік саяхаттарды ұйымдастырудағы тревел-блогингтің рөлі. -----	289
<i>Suranchiyeva Y.A.</i> Prospects of tourism development in the Panfilov Region within the framework of the modernization of the Great Silk Road. -----	290
<i>Умурзакова С.С.</i> Шетелдік ақпарат құралдарындағы Қазақстанның туристік көрінісін анықтау. -----	293
<i>Жұмағұл А.Ж.</i> Қазақстан туризмнің перспективті бағыттарының қалыптасуы (Халлю туризмі мысалында). -----	294
<i>Әділбекұлы А.</i> Ақтау қаласындағы іскерлік туризмнің даму мүмкіншіліктері. -----	295
<i>Алтынбек А.Б.</i> Туристік қызметтерді жылжытудағы БАҚ-ның атқаратын рөлі. -----	296
<i>Амиржанов Б.Ж.</i> МӨТП «Сырдария-Түркістан» туристік-рекреациялық қызметінің тәуекелдері. -----	297
<i>Бекен А.Н.</i> Халықтың өмір сүру сапасын әлеуметтік-экономикалық бағалау. -----	299
<i>Ермакова А.К.</i> Қазақстандық туроператорлардың online жүйесінде туристік өнімді жүзеге асырудың ерекшеліктері. -----	302
<i>Икласова З.С.</i> Қазақстанның таңғажайып табиғаты мен қазақ тризмі. -----	303
<i>Кимеденова Ш.Р.</i> Қазақ халқының дәтүрлі шипалы өнімдері арқылы Қазақстанда емдік туризмді дамыту. -----	304
<i>Қырықбай А.Б.</i> Қазақстанның ауыл туризмін дамытудағы болашағы. -----	305

ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ СЕКЦИЯСЫ

СЕКЦИЯ ТУРИЗМ И ГОСТЕПРИИМСТВО

SECTION TOURISM AND HOSPITALITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ТУРИЗМІН ДАМУДАҒЫ БОЛАШАҒЫ

Қырықбай А.Б.

Алиева Ж.Н. жетекшілігімен

ал-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті
altynaykyrykbay1997@gmail.com

Қазіргі таңда әрбір адам экологиялық таза аймақта демалғанды ұнатады. Бірақ бұл біршама қиынға түседі. Оған себеп ретінде тұрғын үйлердің, ойын-сауық орталықтарының құрылысының қарқынды дамуын, көптеген жасыл желектер мен демалыс саябақтарының жойылуын айтуға болады. Осыған байланысты экологиялық туризмді дамыту қажеттілігі туындады. Бұл туризм түрі күнделікті өмірден, қалалардан шаршаған адамдарға күш пен қуат беру мақсатында, сондай-ақ табиғатпен қарым-қатынас жасау мақсатында дамыды. Сонымен қатар, бұл туризм түрі қоршаған ортаны сақтауды ынталандырады және жергілікті тұрғындар үшін де тиімді болып келеді. Экологиялық туризм аймақтың дамуына, қосымша жұмыс орындарын құруға, елеулі қаражаттың бюджетке түсуіне ықпал етеді. Экологиялық туризмнің бір бағыты ретінде ауыл туризмін айтуға болады.

Ауыл туризмін аймақта дамытудың артықшылықтарына: ауыл тұрғындарының табысы мен өмір сүру деңгейінің өсуін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің асортиментін кеңейтуді, жаңа жұмыс орындарын құруды, инфрақұрылымдық желіні дамытуды, ішкі туристік ағынның жандануын жатқызуға болады. Туристер үшін де көптеген артықшылықтар бар: ауыл туризмінің қол жетімділігі және төмен құны, табиғатта тұрақтау, мерекелерге, халық фестивальдарына және ауыл шаруашылығы жұмыстарына қатысу, фермерлік шаруашылықтан жаңа өнімдерді тұтыну, монша, аң аулау және балық аулау, сондай-ақ саңырауқұлақтар мен жидектерді теру. Осылардың арқасында ауылдың кемшіліктері мен мәселелері оның артықшылығына айналуы мүмкін. Өнеркәсіп кәсіпорындарының болмауы, көлік және ақпараттық инфрақұрылымның дамымауы, ауыл шаруашылығы өндірісінде қазіргі заманғы қарқынды технологиялардың болмауы – осы факторлардың барлығы ауыл тұрғындарының өмірін айтарлықтай күрделендірді, бірақ бүгінгі күні ең құнды экономикалық ресурстардың бірі болып табылатын ауылдың табиғи ортасын сақтауға ықпал етті.

Әлеуметтік-экономикалық жоспарда ауыл туризмінің мақсаты бірқатар тұтас міндеттерді шешеді: дәстүрлі емес қызмет түрлері есебінен ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету; жұмыс орындарын құру және ұлғайту (халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету); ауылдық аумақтардың тұрғындарын біріктіру, жастардың ауылдық аумақтардан кетуін азайту (ауылдық аумақтардағы урбанизация процесін қысқарту; дәстүрлі ауылдық салтты, қолөнерді, жер өсіру тәсілдерін сақтау және танымал ету және т.б.); ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды насихаттау; табиғатты қорғауға байланысты экологиялық мәселелерді шешу; ауылдық инфрақұрылымды дамыту; алыс, аз қоныстанған және индустриялық емес аудандар мен өңірлерде туристік кәсіпорындар құру және белсенді жұмыспен қамтамасыз ету.

Ауыл туризмінің туристік кәсіптің жеке түрі ретінде өзіндік ұйымдастырушылық ерекшеліктері бар:

1. Ауыл туризмі туристік кәсіптің ең үнемді түрлерінің бірі болып табылады, онда әдетте, қызметкерлер штатын ұстауға ерекше шығындар қажет емес, маусымдық жөндеуге және әр түрлі жұмыстарға аз шығын ғана кетеді.

2. Ресурстық база және ауылдық туризмнің ерекшелігі тыныш және жайлы атмосфера құру мүмкіндігін тудырады, яғни клиент турист емес, қонақ. Бұл ауылдық жерлерде жыл сайын демалуды таңдайтын тұрақты туристік топты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Ауыл туризміне салынатын инвестициялардың салыстырмалы қауіпсіздігі, өйткені мұнда инвестициялар жеке бір шаруашылық іс үшін салынатын болады.

4. Ауыл шаруашылығы қонақ шаруашылығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудің негізгі бағыты «баға-сапа» арақатынасы болып табылады, ол салыстырмалы түрде төмен бағаны ұстап тұруға немесе сапаны жақсарту есебінен бағаны көтеруді негіздеуге мүмкіндік береді.

Ауыл туризмі ауылдық жерлерді сақтау мен дамытудың маңызды құралы және оған байланысты туристік ағым деп тану ауылдық туризмді реттеудің әр түрлі тәсілдерінің ортақ негізгі элементі болып табылады. Ауыл туризмін дамытудың концепцияларын төрт топқа бөлуге болады:

1. Батыс-Еуропалық: экологиялық жағына баса назар аударады. Туристік инфрақұрылым мен тұрғын үйлерді қайта құруға қолдау көрсетіледі.

2. Шығыс-Еуропалық: ауыл туризмін дамытуда жүйелі мемлекеттік қолдаудың жетекші рөлі бар және ауылдық жерлерде демалудың әртүрлі түрлеріне назар аударады.

3. Ағылшын-американдық: шағын фермерлік шаруашылықтарды қолдаудың тікелей және жанама әдістерін қолдана отырып, арзан қоныстануға назар аударады.

4. Азиялық: ауылдық мәдениетті ұлттық мәдениеттің элементтерін көрсету факторы ретінде қолдануды қарастырады.

Британдық модель негізінде Қазақстанның ауылдық аймақтарында ауыл туризмін дамытудың моделін ұсынуға болады:

1. Қолданыстағы ауылдық туристік ресурстар негізінде шағын, отбасылық және жеке бизнесті дамыту арқылы агротуризмнің аймақтық желілерін құру: орналастыру объектілері (шағын отбасылық қонақүй объектілері) және инфрақұрылым (агротуризмге байланысты әртүрлі нысандар мен бизнес түрлерін қоса алғанда). Өңірдегі жеке агротуризм шаруашылықтардың тиімді жұмыс істейтін желісін ұйымдастыру орталық деңгейде немесе, кем дегенде, аймақтық деңгейде мемлекеттік қолдау жүйесін құруды көздейді.

2. Тарихи елді мекеннің әлеуметтік-мәдени ортасын – «тарихи ауыл», «ұлттық ауыл» ретінде дамыту.

3. Туристерді қабылдауға және олардың толық демалысын ұйымдастыруға бағытталған ірі және орта арнайы агротуризм нысандарын, мәдени-тарихи кешендер құру.

4. Ірі көпфункционалды туристік, көрме, жарнамалық, мәдени және насихат, ғылыми-өндірістік және осыларға ұқсас кешендер ретінде объектілер мен тиісті инфрақұрылымы бар мемлекеттік және жеке ауылшаруашылық парктерін құру.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл іс-әрекетті үкімет деңгейіндегі саяси шешімді үйлестіруді, сонымен қатар жобаларды таңдауда теңдестірілген көзқарасты талап ететін қазақ ауылы мен жалпы Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын қолдаудың стратегиялық әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси жобасы ретінде қарастыру қажет. Шапшаң өзгеретін сән тұрғысынан туризмде экономикалық тұрғыдан перспективалы стратегиялық бағыт салынған аумаққа ғана тән тарихи, мәдени, әлеуметтік-мәдени, экологиялық және т.б. аспектілерді ескеру қажет. Себебі, ауыл туризмі тек ауыл жағдайына ғана емес, ондағы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне, жалпы аудан, облыс, мемлекетке оң әсер тигізеді.

Қазақстан аумағында ауыл туризмін дамытудың мүмкіндігі зор болып табылады. Қазіргі қазақ ауылдарының жағдайы мен болашақтағы даму мүмкіндіктерін анықтау үшін SWOT-талдауын жүргізу қажет (2-кесте).

2-кесте

Қазақстанда ауыл туризмін дамытудың SWOT-талдауы

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> -Қазақстанда ауылдар мен ауыл аймақтарының алуан түрлілігі; -ауылдарда ауылдық ерекшеліктердің сақталуы; -табиғи ресурстарға бай болуы; -денсаулығына жағымды әсер етуі; -жабайы табиғаттың сақталуы; -көрші елдермен достық қарым-қатынаста болуы; -мемлекеттік бағдарламалардың болуы; 	<ul style="list-style-type: none"> -халықаралық деңгейге инфрақұрылымның сай келмеуі; -Қазақстан туралы потенциалды туристерге ақпараттың аздығы; -агротуристік кәсіпорындардың болмауы; -тілдік кедергі.
Мүмкіндіктері	Кедергілері
<ul style="list-style-type: none"> -ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту; -Қазақстан туристік бағытына жаңа бағыттың енуі; -ауылдар мен ауылдық аймақтардың инфрақұрылымдық деңгейін жоғарылату; -ауыл беделін арттыру; -шетел туристеріне экзотикалық бағыт болуы мүмкін. 	<ul style="list-style-type: none"> -туристік келулердің аз болуы; -инвестициялық белсенділіктің төмен деңгейі; -экономикалық кризистің қалыптасуы;

Бұл SWOT-талдауына сүйене отырып, Қазақстан Республикасында ауыл туризмін дамытудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері жоғары екенін көруге болады. Қандай болмасын бастамада кемшіліктер мен кедергілер болуы мүмкін, бірақ жақсы жасалған стратегия мен ауыл туризмінің ұтымды моделі бұл қауіптерден арылуға көмектеседі.

Қазақстанның табиғи-рекреациялық ресурстарға бай болуы ауыл туризмінің дамытуға оң әсерін тигізеді. Инфрақұрылымның дамуы мен мәдени-экономикалық ресурстардың болуы туристерді одан әрі

тартуға мүмкіндік береді. Ал инфрақұрылымды дамыту үшін мемлекет тарапынан инвестициялық көмек қажет. Қабылданған заңдар мен нормативті құжаттар да маңызды болып табылады.

Халықаралық туризмді дамыту ішкі туризмнің дамуынан басталады. Артықшылықтар мен мүмкіндіктерді қолдана отырып, елге келетін туристердің санын арттыруға болады. Бұл өз кезегінде елдің туристік әлеуеті мен инфрақұрылымының дамуы мен ауыл туризмінің дамыту моделіне байланысты. Ауыл туризмін Қазақстан аймағында дамыту, ел үшін үлкен мүмкіндіктер мен пайда болып табылады.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы экономиканың басым салаларының бірі болып табылады. Сондай-ақ, отандастардың 40 пайыздан астамы ауылда тұрады. Сондықтан қазіргі таңда ауыл шаруашылығын дамыту және ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту мемлекеттің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында ауыл туризмін дамыту стратегиясын қалыптастырудағы негізгі артықшылықтар мен кемшіліктерді атап кетуге болады.

Қазақстандағы ауыл туризмі ауылдық жерлердегі кәсіпкерлік қызметтің өсіп келе жатқан және тартымды түрлерінің бірі болуы мүмкін және болуы тиіс. Туризмнің бұл түрінің өзектілігі оның экономикаға, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуге ықпалымен байланысты.

Научное издание

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

ИБ № 13546

Подписано в печать 01.04.2020. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 28,5. Тираж 10 экз. Заказ № 3371.

Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета им. аль-Фараби
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71.

Отпечатано в типографии издательского дома «Қазақ университеті»